

**ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТЕН  
ТЫС ОТЫРЫСЫНЫҢ  
ХАТТАМАСЫ № 1**

**Жезқазған қ-сы  
29.01.2024  
сағат 17. 30**

Облыстық қоғамдық кеңесінің кезектен тыс отырысы оффлайн және онлайн режимде өтті.

Отырысты ОҚҚ төрағасы **Бегенов Б.Ж.** ашып жүргізді.

Отырыска ОҚҚ мүшелері қатысты : А.Ахмет, А.Мукеева,  
**Тусупбеков Д, Сейдахметов М, Қайыпбеков А, Шемші Х, Токишова А,**  
**Оспанов С, Изтолеуов Д, Мырзабекова М, Атамурат М,**  
**Бейсембаев М, Тулегенов Д, Такибаев А, Шамбулов М, Қозайдаров Ы,**  
**Жунусов Е, Битенов Н, Абжаппаров А, Алданиязов Т, Маткенов М**  
қатысты.

Отырысқа белгілі себеппен қатыспаған : **Рахметов А, Бекмағанбетов М,**

**Бегенов Б** – Сәлеметсіздер ма құрметті әріптестер! Бұғаңға кезектен тыс отырысты өткізу дің себебі – облыстық қоғамдық кеңестің атына келген шағымдар. Өздеріңіз білетіндегі – 28 қарашада облыстық әкімдікте бюджетті қарастыру өтті. Иса-шарага денсаулық басқармасынан **Ниязова С**, полиция департаментінен **Смагулов Б, Кульжанов Е** есеп берді.

Өзім іс-сапарда болғандықтан отырысты **Маткенов Мурат Кадерович** жүргізді. Осы отырыста әріптесіміз – Т. Алданиязов өзін өте дөрекі, этикаға сай емес әрекет көрсетті. Осыған орай түскен арыз-шағымдармен сіздерді таныстырып өтейін (**құжаттардың қөшірмесі хаттамаға тіркелді**). Сол күні жынға қатысқан бірнеше азаматтар арамызда отыр. Не айтасыздар?

**Қайыпбеков А**- Бюджетті талқылауға байланысты жынға қатыстым.

Расымен де ұят жағдай орын алған . Хатта көрсетілген фактілер шындық. Таубагул мырза өзін өте дөрекі ұстап, айқайлап, мемлекеттік қызметкерлердің абыройын түсірді. Облыстық қоғамдық кеңестің атына кір келтірді десем қателеспеймін. Денсаулық басқармасының қызметкери Ниязова С- қа сөз де беруге мұрша бермей, ол кісі ренжіп кетіп калды. Полиция Департаментінен келген азаматтарды айқайлап қуып жіберді. Бір емес 2 рет . Өз басым ескеरту жасадым. Таубагул мырза – мне никто не указ, сам знаю,- деп тоқтамады. Бұл кісіні жөнге келтіре алмаймыз, сондықтан қатарымыздан шығару керек деп есептеймін.

**Шемші Х**- Ия, денсаулық Басқармасының қызметкерімен сол күні әріптесім сөз таласты. Болмайтын нәрседен дау шықты. Полиция полковниктері дресс-кодқа сай киінген деп есептеймін. Алданиязов мырза кайта-қайта айқайлап , сөз таласа берді.

**Сейдахметов М** – Мемлекеттік қызметкер болғандықтан әр түрлі жағдайлардың күәгері боламыз. Бірақ, 28 қарашада өткен жында

әріптесіміздің өзін солай дөрекі ұстаганы мүлдем дұрыс емес. Бұл жұмысқа, біздің имиджемізге кері әсерін тигізеді. Бұндай оқиғаны қарап талқылап жатқанымыз дұрыс.

**Бегенов Б** – Қоғамдық кеңес мүшелері сынай алды, келеңсіз жағдайларды айтуға міндетті. Ал айқай артық, Қазақстан Халықтар Ассамблеясының жергілікті өкілдеріне барып Алданиязов мырза бюджеттерін тексерем депті. Ол заңсыз. Ешкім бет алды, жоспарда жоқ нәрсені жасай алмайды. Барлық іс-қимылдар Заң шенберінде жүргізу керек.

**Алданиязов Т** – Сіздер өздерініздің функционалды міндеттерінізді білмейсіздер. Қоғамдық Кеңес мүшелері кез келген жерге өз бетімен барып тексерे алады. Сіздер 28 қарашада өткен істі неге енді қарап жатырсыздар? Өзімді еш кінәлі деп санамаймын.

**Бейсембаев М** – ағай біз сізге алдында шанс бердік. Өзіңіз біздін оғиске келіп осы әңгімені қозғағансыз. Олай айқайладап, дөрекі ұстауға болмайды дегенде не істесемде өзім білем деп бой бермедіңіз. Сіз сияқты әрітеспен жұмыс жасаудан бас тартамын.

**Мукеева А** – Үрыс – керіс өкінішке орын алды. Бұл үлкен қателік, дұрыс емес нәрсе. Бізге қай адам болмасын ұнамаса да, айқайға, ашуға баруға болмайды. Бұндай азамат арамызда барының өзі қате. Мүшеліктен шығару керек.

**Бегенов Б** – Құрметті әрітестер! Ұлытау облысының Қоғамдық кеңесінің құрамынан Алданиязов Таубагул мырзаны шығару ұсыныс түсті. Дауысқа салайық.

Қолдайды - 21

Қарсы- 0


Қалыс қалды - 0

**Бегенов Б** – Жақсы әрітестер! Рахмет.


### Шешім :

Ұлытау облысының Қоғамдық кеңесінің 21 мүшесінің қолдауымен Таубагул Алданиязов мырза, 2024 жылдың 29 қаңтарынан бастап Ұлытау облысының Қоғамдық кеңесінің мүшелерінің қатарынан шығарылды.

Ұлытау облысының  
қоғамдық кеңесінің төрағасы

  
Б. Ж. Бегенов

Ұлытау облысының  
қоғамдық кеңесінің хатшысы:



С.Оңғарбаева